



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

құрғандығы, көшпенділердің өмір турасындағы түсінгі негіз болғандығы дәйектермен айтылады. Сонымен бірге қырғыз халқының «Манас» жыры көшпенді өмірдің батырлық жырларының байлығы, бай мұрасы болып есептеледі. Мақтанатын тұсымыз осы жырды шашыраңқы күйінен бір қалыпқа келтіріп, қырғыз халқының мәдениетіне үлесін қосып кеткендігі. Көшпенді өмір сүру, көшіп-қону көшпенділердің айнымас салты болған. Шынай дәлелдерді келтіре отырып жазылған бұл еңбектерді біріктіре отырып қарайтын болсақ, Шоқан Уәлихановтың көшпенділер турасында да қалам тартқандығы байқалады.

ӘОЖ 323.232:374.3 (574)

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ТАРИХИ ЖАҢАРУЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДА

Жақан Назерке Қанатқызы

naz-28-07@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті
5В020300 «Тарих» мамандығы 3-ші курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.А.Алпыбес

Қазақ халқы Тәуелсіз Мемлекет құру жолының жиырма алтыншы жылдығында ел дамыту мақсатын жүзеге асыру үшін озық отыз мемлекет қатарынан орынға еруге нақты бет алып, рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асруға көшті. Ұлттық тәуелсіздікті жариялаған ширек ғасыр ішінде Қазақстан Республикасы әлемдік аренада жоғары беделге ие болды. Мұндай зор жетістіктерге қол жеткізудің алғышарттарын іздегенде, біз ең алдымен өткен тарихымызға зер салып, ұлт игілігі үшін қызмет еткен тұлғаларды ұлықтағанымыз жөн.

Қазақстан жері тарихи мұраларға ең бай өлкесінің бірі. Тек табиғат қазыналары ғана емес, адам капиталының ең жарқын өнегесін көрсететін рухани мұралар да біздің өлкемізде жақсы сақталғанына дау жоқ. Қола мен темірі дәуірі, сақ, ғұн, түркі кезеңдеріндегі құнды археологиялық ескерткіштермен қатар, Алтын Орда – Ұлы Дала Елі кезеңі мен Қазақ хандығы заманындағы ең келелі де, киелі де, бағалы рухани жәдігерлер осы өлкеде жасалған және сақталған.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Қазақстан азаматтарына зор әсер етті. Осы арқылы халықтың ой-санасы жаңа еңгейге көтеру мәселесінің маңыздылығы артты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, елімізде жүзеге асырылған «Мәдени мұра», «Халық – тарихы толқынында» мемлекеттік бағдарламаларының заңды және логикалық жалғасы.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Білімнің салтанат құру» қағидасы аясында сөз қозғайтын болсақ, қазақ тарихындағы даналық пен ақылмандықтың өз заманында үздік үлгісін көрсеткен данышпан бабаларымыз қайраткерлігімен іс тыңдырып, ғұмыры төрт ғасырға жуық жалғасқан Қазақ хандығы мемлекетінің ішкі және сыртқы істерін атқарды.

Халықаралық аренада алдына жан салмай сарабдал саясат жүргізіп келе жақтан Елбасы Н.Ә. Назарбаев, тәуелсіздіктің тудырған мүмкіндіктері арқасында әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына Қазақстан Республикасын қосу міндетін «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында атап өткен болатын. Бұл ұлы мақсаттар еліміздің ғалымдық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету арқасында ғана іске асыру мүмкін. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Елбасының мазмұны терең бағдарламалық мақаласында, үшінші жаңғырту жөнінде міндеті аясында, экономикалық және саяси жаңғырумен қатар, оны өзара байланыстыратын мәселе – рухани жаңғыру деп айтты.

Рухани жаңғыру бағдарламасының атқарар қызметі – Қазақстанның тәуелсіздігін сақтау, қазақ елін әлемнің озық елдері қатарына қосу, ал ол үшін, ең бастысы, қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық сананың жаңа белеске көтерілуін қамтамасыз ету қажет. Әлемнің жаһандану

құбылыстары ұлт пен ұлыстардың жинақы, ынтымақты, ұйымшыл болуды талап етеді. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қойылған басты мәселелер мен идеялар – ол ұлттық Тәуелсіздіктің құндылығы, Туған Жер, Қазақстанның киелі жерлерін, халықтың ұлттық болмысын сақтаудағы ұлттық код мәселелері

Елбасы бұл мақаласында бірінші кезекте ұлттық код мәселесіне аса жіті мән бергенін байқаймыз. Ұлттық код кез-келген халық бойында ата-баба дәстүрінен сақталған қасиет. Жалпы код деген сөздің өзі бір нәрсенің сырын ашу дегенді білдіреді. Қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтуға болады. Яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі боп шығуы ғажап емес.

Жаңа тарихи кезеңде басқа ұлт-ұлыс, халықтар мен өркениеттерге тән қоғамдық қалыбы мен тәжірибесін тарихи тұрғыда сұрыптап алмай, барлығы жақсы екен деп қабылдай бермей, қазақ халқының болашағы үшін, ұлтымыздың өткенінен тағылым алып, бүгінгі күні сырттан әртүрлі қауіп төнген заманда, даналықпен жақсы мен жаманды айыра білу өте маңызды. Ал, ескірген, тозығы жеткен тиімсіз дәстүрлер болса, одан арылу қажет.

Қазақ халқының ұлттық болмысы ғасырлар бойы қалыптасып, бекем орныққан, сондықтан да ол қазақ рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиетке ие. Халқымыздың сол қасиетін танытатын формула күллі материалдық байлықтан адами құндылықты биік қоятындығымен ерекшеленеді. Өйткені, бағзы заманда әділеттілік, адалдық, шыншылдық және ахлақ (мораль) дәулет атаулыдан әлдеқайда артығырақ бағаланатын.

Бірақ заман ауысты, бір кездері құбылмалы саясат билеген уақыт ыңғайынан туындаған кемшіліктер кейіннен үлкен дертке айналды. Бұрындары «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» делінетін, барша игіліктен арды, ұятты, ахлақты жоғары қоятын қазақтың өмір сүру ережесі қатты өзгеріске ұшырады. Бүгінгі қоғамда белең алған сыбайлас жемқорлық пен пара алу сияқты жайттар өте көп.

Сондықтан, қазақргі Қазақстан қоғамындағы әртүрлі күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу жолында тарихтан тағылым алудың маңызы зор. Ұлы даланың тарихында алатын орны мен оның өмір сүрген заманының қоғамдық-саяси келбетін саралау, билер институтының белді өкілі болғаны жалпы жұртқа мәлім. Ғылыми-зерттеушілік қағидаттарын басшылыққа алған мұндай шаралар бірінші кезекте жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге болса, екіншіден, тарихи сананы жаңғыртуға зор ықпал етері сөзсіз.

Ұлы даланың бай рухани мұрасын, саяси дәстүрлерін, әдет-ғұрып нормаларын, өз заманына сай құқықтық жүйесін қалыптастыруда айтулы үлес қосқан, халықтың еркіндігі мен бейбітшілігін ойлап, өнегелі ғұмырын ұлтты ұйыстыру жолында әділ төрелік айтуға арнаған дана билердің есімі әрқашан ел есінде сақталмақ және даңқты тұлғаның есімін мәңгі етуге бағытталған әлі талай ізденістердің жалғасары анық.

Рухани жаңғырудың басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу. Өйткені жаңғырған қоғам өзінің тамырын тарихтың тереңінен бастау алады. Ол үшін қазіргі жаңғыру саясаты елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алуы тиіс. Тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамай, қазақ халқының тағылымы мол тарихымен тікелей сабақтастықта болуы тиіс. Осы мәселелер туралы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған.

Бүгінде тәуелсіз мемлекет ретінде бұрын біржақты бағаланып келген тарихымыздың ақтаңдақ беттерін жанаша парақтап, даңқты тұлғалардың өткен өміріне шынайы баға беруге мүмкіндік көп. Ел тағдыры таразыға түскен сын сағатта ұлт болашағы үшін батыл қадамдар жасап, ұлы мұрат жолында күш-жігер көрсеткен тұлғаларымызды барынша ұлықтау аса маңызды. Бұндай жайттарды шешу үшін Елбасы өзінің бірнеше бағытын айтқан болатын. Тарих

сабақтастығы – рухани мұра сабақатастығында, ұлттық тарихи сана жалғастығында. Ұлттық болмысымызды сақтау ісін – ата-баба аманаты деп білуіміз керек, яғни ұлттық дәстүрімізге, тілге, дінге берік болу. Ата-баба мұрасын сақтау дегеніміз – ең алдымен қасиетті қазақтың жерін ең үлкен құнды мұра деп білу! Ұлттық намысты қолдан бермеу дегеніміз – елдігімізден айырылмау! Ал, адамзаттың даму ырғағынан, ел қатарлы дамудан қалып қоймау дегеніміз – әлемнің дамыған, озық отыз ел қатарында болу. Өйткені, өткен ғасыр басында да қазақ халқы ұлт саны жағынан әлемдегі отыз халықтың бірі болған еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288б.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. – 12 сәуір.
3. Алпысбес М.А. Алаш идеясының «Туған жер», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында жалғасын табуы және тарих сабақтастығы.

ӘӨЖ: 94 (574)

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Жанабай Элвира Жанабайқызы

e.zhanabaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

Еуразиялық идея философиялық-саяси қозғалыс ретінде 1920-1930-жылдары орыс эмигранттары арасында қалыптаса бастады. Еуразияшылдық идеяның тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. **Біріншісі** – Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. **Екіншісі** – Қазан төңкерісінен кейінгі Ресей эмигранттары мұрындық болған кезең. **Үшіншісі** – екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Бұл үш кезеңнің өн бойында еуразияшылдық идеяның дем берушілері – тарихшылар Г.В. Вернадский, Л.П. Карсавин, Л.Н. Гумилев, құдайшыл Г.Ф. Флоренский, географ П.Н. Савицкий, шығыстанушы В.П. Никитин, этнограф Н.С. Трубецкой сияқты көрнекті тұлғалар болды. Еуразияшылдық идеяның **бірінші кезеңінде** Батыс пен Шығыстың, яғни роман-германдар мен азиялықтардың ортасындағы Ресейдің айырықша рөлі қозғалды. болу Еуразияшылдық идеяның **екінші кезеңінде** сол алғашқы ой-тұжырымдар жаңаша серпінмен одан әрі жалғасты. **Үшінші кезеңде** еуразияшыл идеологтар тарихи жағдайлармен бетпе-бет келді. Қазірде орын алып отырған әлемдік бәсекелестікте Еуразия халықтары өздерін тағдырластар ретінде біліп, әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени одақтастықты еуразияшылдықтың өзекті постулатына айналдыра бастады. Әсіресе, КСРО ыдырағаннан кейін еуразияшылдық идеяның бұл сияқты жаңа бағытына тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей ұйытқы болғанын атап өткен жөн. Бұл мәселеде Л.Н.Гумилев тарихи қисындарды көлденең тарту арқылы көзге түсті. Ол Еуразия ойкуменін тарихи тағдыры біртұтас, әлемнің алтыдан бір бөлігі ретінде қарастырды. Бұл ретте, Лев Николаевич Ресей тарихындағы Ұлы Дала рөлін мүлде жаңаша парықтады. Атап айтқанда, орыс тарихында бел алып жататын «татар-моңғол езгісі» деген идеядан бірінші болып бас тартты. Ол үшін Ресей деген Моңғол ұлысынан кейінгі біртұтас Еуразия империясының православтық вариациясы еді. Мұндай идея өзінен-өзі Ресейдің тарих сахнасына шығуындағы Еуразия көшпелілерінің рөлі деген екінші идеяны дүниеге келтірді. Міне, еуразияшылдық мәселесінде Лев Николаевич осындай идея арқылы өзін ұшқыр, ойлы ғалым ретінде әйгілей алды. Ол бұрынғы саяси-идеологиялық еуразияшылдықты дәлелді тұжырымдамасы бар ғылымға айналдыра білді. Әрине, осындай ой-идеяларына қатысты болар, қазақстандықтар Лев Николаевич Гумилевті